

"Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру Ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 5-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 15-13 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 тамызда N 5-14-89 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Күршім аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 маусымдағы N 28-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Күршім аудандық мәслихатының 2011.06.20 N 28-8 шешімімен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 7) тармақшасына сәйкес Күршім аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру Ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 сәуірдегі № 5-4 шешімге мынадай өзгертулер енгізілсін:

Аталған шешімнің қосымшасы «Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру

Ережесін бекіту туралы»
2 бөлім Тұрғын үй көмегін беру шарттары:
1 2 тармақта:

“қайта аттестациялауды” деген сөзі “қайта ресімдеуді” сөзімен ауыстырылсын;

18 тармақта, барлық тармақ бойынша: “аттестациясына”, “аттестациядан” деген сөздері “ресімдеуіне”, “ресімдеуден” сөздерімен ауыстырылсын;

2 2 тармақта: “қайта аттестациядан” деген сөзі “қайта ресімдеу” сөзімен ауыстырылсын; 2 3 тармақ, барлық тармақта:

“аттестациядан” деген сөздері “ресімдеуден” сөздерімен ауыстырылсын
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Қ. Әбілмәжінов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК